

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Философия және политология факультеті

Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасы

БЕКІТІЛДІ

Философия және саясаттану
Ғылыми Кеңес мәжілісінде бекітілді
факультет деканы _____ Мейрбаев Б.Б.
Хаттама №15 21.06.2023 ж.

АОТ 1202 Әлеуметтанудағы өлшем теориясы

ПӘННІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ

«БВ03101 – «Әлеуметтану»

Оқу формасы- күндізгі

Курс – 3

Семестр – 6

Кредит саны – 5

Алматы 2023 ж.

ПОӘК білім беру бағдарламасы негізінде әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының аға оқытушысы, с.ғ.к Мамытқанов Дархан Қожанұлы дайындаған

Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының мәжілісінде қаралып ұсынылды.

30. 05. 2022 ж., хаттама №17

Кафедра меңгерушісі социол. ғ, докторы., профессор _____ Г.С. Әбдірайымова.

АЛҒЫ СӨЗ

Курстың қысқаша мазмұны: Әлеуметтік зерттеулердегі өлшеу-бұл эталон ретінде алынған басқа объектінің параметрлерімен сандық мәнде зерттеу объектісінің параметрлерін салыстыру. Қолданбалы әлеуметтануда өлшеудің әртүрлі әдістерінің негізінде құрастырылған сұрақтардың көмегімен жүзеге асырылады.

Әлеуметтік ғылымдағы өлшеу-бұл кез келген әлеуметтік зерттеу, өйткені оның міндеті әлеуметтік факторларды, құбылыстарды, процестерді іріктеу, зерделеу, ұсыну, оларды математикалық аппаратты қолдану арқылы нақты сипаттау ретіндегі ерекшеліктері қарастырылады

Оқу курсының типі: П. ЖОК

Курстың мақсаты: «Әлеуметтанудағы өлшем теориясы» пәнін меңгеру мақсаты болып: зерттеулік іс-әрекеттің амалдары мен принциптер жүйесі, эмпирикалық зерттеу жүргізу, әлеуметтанулық ақпарат жинаудың белгілі әдістерінің базалық білімі туралы студенттерде тұтастай түсініктің қалыптасуы, сонымен бірге әлеуметтанулық зерттеу жүргізуде тәжірибелік дағды алу табылады

Курстың міндеттері:

Әлеуметтану өлшем теориясы бойынша алған білімдерін және олардың түсінігін көрсету;

Әлеуметтанулық зерттеу саласының жалпы құрылымы мен оның демография элементтері арасындағы байланыстарды түсінуді көрсету;

Әлеуметтану өлшем теориясы зерттеу саласына тән әдістерді (зерттеу, есептеу, талдау және т.б.) жеке немесе топтық оқу-зерттеу қызметінде қолдану;

Әлеуметтану өлшем теориясы аралық бақылау емтиханының мазмұны, оқу модулі, пән контекстінде алынған оқу нәтижелерін жалпылау, түсіндіру және бағалау;

Командада жұмыс істеуге, ымыраға келуге және өз пікіріңізді команданың пікірімен байланыстыруға; отансүйгіштік, азаматтылық және толеранттылық қағидаттарына негізделген оң қарым-қатынас дағдыларына ие болу;

Әлеуметтану саласындағы жобалар мен құбылыстарды болжау, жобалау және модельдеу әдістерін қолдана отырып, әлеуметтік жобаларды әзірлеу және әлеуметтік жобаларға сараптама жасау.

Пререквизиттер: адам мінез құлық және әлеуметтік ора пәні студенттердің адамның әлемде, қоғамда алатын орны туралы ғылыми негізделген түсініктер алуына толық мүмкіндік береді. Бұл пәнді ойдағыдай игеру үшін Әлеуметтік зерттеулерді қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету т.б. сияқты пәндерден алған білім ерекше қажетті және маңызды.

Постреквизиттер: Оқытылып отырған тұлға социологиясы пәнімен оны оқыту барысында және оқытып болған соң да өте тығыз байланысты болып табылатын пәндер:

Социологиядағы сандық әдістер